

«Балақай-Алақай» ЖШС бөбекжай балабақшасы

Өндірістік кеңес хаттамалары

2024-2025 оқу жылы

Ондірістік кеңестің
№1 хаттамасы

Күн тәртібі:

29.08.2024ж

Қатысқандар: 12

1. Жазғы сауықтыру шараларының, ағымды жөндеу жұмыстарының қортындысы
2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімін анықтау
3. Қызыметкерлерді балабақшаның күн тәртібі жұмыс кестесі мен лауазымдық міндеттерімен таныстыру
4. «Балабақшаның қауіпсіздік ережелері» баяндама

1.Тындалды: :бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі:Р.Ахова Жазғы сауықтыру шараларын қортынды жасап.Жаңа оқу жылына стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау жұмысы жүргізіліп, балалар тізімін анықтау бойынша сөз қозғады. Ол өз сөзінде: Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі бекіткен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында мектепке дейінгі мекемелерде педагогикалық процестерде ұйымдастыруға жалпы талаптар пәндік- дамытушы ортасын ұйымдастыру үшін талаптар берілген. Біз осы талаптарды атап айтсақ:

-Дамыту орта бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық-техникалық, эстетикалық жағдайлардың кешеніне сәкес келеді.-Орта қауіпсіз, жайлы, қолайлы болуға тиіс.Ортаның мазмұны мәдени-тарихи құндылықтарға, ұлттық дәстүр, климат, жергілікті жердің өндірістік өзгешеліктеріне сәйкес келуі тиіс. Балалар тізімі анықталып топқа болінді. Жас ерекшеліктеріне сай бағдарлама бойынша оқу – тәрбие жұмысы жүргізіледі деп атап өтті.

2.Тындалды: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөзге шығып өз сөзін жалғастырды:Мен өз сөзімде айтып өткендей біздің мақсатымыз балаларға оқу тәрбие жұмысымен қатар өз өмірлеріне қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыруымыз қажет. Және де біз оған жауаптымыз. Бала өмірінің қауіпсіздігін сақтауыңызды ескертемін.Стандарт талаптарына сай топтардың тізімдерін анықталды.

3. Үшінші мәселе: бойынша балабақша меңгерушісі Р.Ахова үшінші сұрақ бойынша сөз алды. Біздің мекеме жекеменшік мекеме болып табылады. Балабақшада мектепке дейінгі жастағы балалардың оқу тәрбие жұмыстары ұйымдастырылады. Оны ұйымдастыратын жағдай жасайтын осы ұжымның барлық қызметкерлерінің атқаратын өз міндеттері бар. Әрбіріңіз өз лауазымды міндет бойынша міндеттеріңізбен танысып оны орындаймын деп растау үшін өз қолдарыңызды қойыңыздар. Қол қойған уақыттан бастап ең әуелі бала қауіпсіздігі мен денсаулығына жауап береміз. Және де ішкі еңбек тәртіп ережесін қатаң түрде сақтауымыз керек. Ұжымда сіздерден жауапкершілікті, ұйымшылдықты, еңбекқорлықты, бірлік пен ынтымақтастықты көрем деп сенемін. Және сондай болуын талап етемін. Келешек ұрпақ тәрбиесінде аянбай еңбек етіп, ата-аналардың үмітін ақтап, тәжірибемізді, кәсіби шеберлікті арттырайық. Үнемі ізденіс үстінде жүруіміз шарт және де балабақшада жалпы және жеке бас тазалығын сақтап қызметке лайықты формада жүру керектігін ескертемін.

4. Тыңдалды: төртінші мәселе бойынша балабақша шаруа меңгерушісі А.Рустамова сөзге шығып өз сөзін жалғастырды: Мен өз сөзімде айтып өткендей біздің мақсатымыз балаларға оқу тәрбие жұмысымен қатар өз өмірлеріне қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыруымыз қажет. Және де біз оған жауаптымыз. Бала өмірінің қауіпсіздігін сақтауыңызды ескертемін.

Ережемен толық танысып растау үшін қол қойыңыздар.
Қауіпсіздік ережесі төмендегіше:

- Электр жүйесіне абай болыңыздар
- Жылыту жүйесін , ыстық суды абайлап қолданыңыздар
- газды ашық қалдырмаңыздар
- Пышақ, сіріңке, қаламсап тағы да басқа қауіпті заттар биікте тұрсын
- Жаңа жылдық от шашулар бала қасында тұтатылмасын. Абай болыңыздар.
- Тез тұтанатын мақтадан, түкті киімдерден сақ болыңыздар. Өрт қауіпті екенін естен шығармаңыздар.

Сақтанудан еш тыс қалмай ережені өмір және тез қатаң түрде сақтауларыңызды талап етемін.

Шешім:

1. Барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін жауапкершілікпен атқарсын, техникалық қауіпсіздік нұсқаулық ережелері сақталсын.
2. Берілген нұсқаулықпен танысып, техникалық нұсқаулық ережелер сақталсын
3. Тәрбиешілер топ бөлмелерін дамытушы орта құрып, безендіріп көрнекілікпен жабдықтасын.

Торсайым:

Р.Ахова

Хатшы:

А.Жақыпова



**Өндірістік кеңестің
№2 хаттамасы**

Қатысқандар:12

21.12.2024ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Мереке күндеріндегі балалар тамағы
3. Жылу жүйесін бақылау
4. Жаңа жыл ертеңгілігінде қауіпсіздік ережесін сақтау

1.Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
Сөйледі: Р.Ахова балабақша меңгерушісі топтарда бала саны анықталып, топталды. Жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілген, оқу тәрбие ісі жүргізілуде. Стандарт талаптыран сай жабдықталған. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, тіл мерекесі, күз мерекесі аталып өткізілді. Әрбір қызметкер балалар өмірінің қауіпсіздігін ескере отырып, іс-шараларға ұстаздар жақсылап дайындық жүгізу керектігін атап өтті.

2.Тыңдалды:Балалардың мереке күндері тамағын дәмді дайындау балалар ұнататын тәттілер әзірлеу.Мерекелік дастарқан жасау ,тәрбиеленушілердің көңіл күйін жоғары деңгейге жеткізу.Балабақша аспазына міндеттелсін деді .Шаруа меңгерші А.Рустамова керек азық түлікпен қамтамасыз ету үшін өз жауапкершілігіме аламын деді.Жылу жүйесін қадағалау және балбақша ауласын қар мұздан тазалау жұмысшылар мен аула сыпырушы ,балалардың тайып құламауы үшін күнделікті жұмыстар атқарылып отырғанын қадағалау керек екенін атап өтті.

3.Тыңдалды:Жылу мәселесі бойынша балбақша мейірбикесі
Сөйледі: А.Құлбаева– балабақша медбикесі -күннің суытуына байланысты жылу жұмыстары іске қосылды. Қазандықтар жақсы жұмыс істеп тұр. Жылу жүйесі үнемі қадағалануда. Бөлме жылулық температурасы +21 °С да сақталуда. Терезелер мен еденнің ақаулары жөнделді. Жылу жүйесі бір қалыпты жұмыс істеуде. Балалардың қауіпсіздігі ескерілген

4.Тыңдалды: Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесіне сақтау
Сөйледі: Р.Ахова жаңа жылдық мерекеге арналған «Жасыл шырша»мерекесін тойлауға әзірленудеміз. Безендіру мен өткізу жұмыстары жоспарлануда. Мереке қызықты өту үшін әрине әдемі түрлі түсті ойыншықтар, шырақтар, отшашулар мен музыкалық тосын сәттер

ұйымдастыруда қауіпсіздік сәрежесін сақтап, абай болуларыңызды тапсырамын. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін, ережені қатаң сақтаңыздар. Бір сәттілік отшашу, үлкен қайғы әкелмеуіне кім кепіл, оған жол бермей, алдын алу жұмыстары жүргізілсін деп сөзін аяқтады.

Қауіпсіздік шараларын басты назарда ұстау

Шешім:

Бөлмелер жылулығы $+21^{\circ}\text{C}$ температурада сақталсын. Жауапты: медбике А.Құлбаева, шаруа меңгерушісі А.Рустамоваға

1. «Жасыл шырша» мерекесінде қауіпсіздік ережесі сақталсын. Жауапты: Тәрбиешілер. Мед бике А.Құлбаева
2. Аула қар, мұздан күнделікті тазалансын. Жауапты: Шаруа меңгерушісі, мед бике
3. Қауіпсіздік шараларын сақтауды әдіскер Р.Аховаға жүктелсін.

Төрайым:

Хатшы:



Р.Ахова

А.Жақыпова

«Балақай-Алақай» ЖШС бөбекжай балабақшасы

№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 29.08.2024 жыл

Түрі: Бастапқы

Тақырыбы: 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын бекіту

Мақсаты: Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігін анықтау



2024-2025 оқу жылы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

№1 Хаттама

Өткізілгін уақыты: 29.08.2024 ж

Түрі:Бастапқы

Тақырыбы:Педагогикалық старт МДҰТ мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып,МДҰ 2024-2025оқу жылына арналған қызыметінұйымдастыру оқу-тәрбие жұмысын бекіту

Мақсаты:МДҰ педагогикалық қызыметкерлерінің 2024-25 оқу жылына арналған ҚР МДҰ да тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық хатпен таныстыру.Жаңа оқу жылындағы МДҰ жұмысынның басым бағытарын талқылау.

Төрайымы: Р.Ахова

Хатшысы: Ж.Құдайберген

Барлық педагогтар саны: 4

Қатысқан педагогтар саны: 4

Күн тәртібінде:

1.Алдыңғы өткен педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.

2.Жазғы сауықтыру нәтижелері

3.2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау ; мектепке дейінгі ұйымды дамытудың басымдылықтарын талқылау;

-«Біртұтас тәрбие»бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру;

-балалардың кешенді қауіпсіздігі стратегиясы ,педагогтер мен ата-аналар

Қаралды

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Р.Ахова педагогтардың педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтарды қадағалап, күн тәртібімен таныстырды. Сонымен қатар, өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде ақпарат берді жазғы сауықтыру нәтижелерін атап өтті .

3.мәселе 2024-2025 оқу жылының оқу жоспарын бекітіп ,балалардың қауіпсіздігін қадағалау керектігін басты назарда ұстауды қадағалау ата-ана мен тәрбиеші апайлар екені айтты.

-«Біртұтас тәрбие»бағдарламасының жүзеге асыру жоспарымен таныстырлды.

ШЕШІМІ:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

2.ТЫҢДАЛДЫ;

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері 2023-2024 оқу жылының жазғы сауықтыру нәтижелері бойынша қорытынды есебін айтты.

Шешімі: жазғы сауықтыру шаралары қанағаттанарлық деп танылды.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақшаның 2024-2025 оқу жылының жосапы бекітілуі керек екенін және ұйымның дамуына үлес қосуларын ескерді.

ШЕШІМІ; педагогтар « Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы

Р.Ахова

Хатшы

Ж.Кұдайберг

Ж.Кұдайберген



**Педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы**

Қатысқандар: 4

04.10.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Мектепке дейінгі балалардың танымын жетілдіру жолдары. Баяндама
3. Балалардың танымын серуен арқылы дамыту. Пікір алмасу
4. «Алтын күз» мерекесіне дайындық бағдарламасын бекіту.

1.Тыңдалды: Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы. балабақша меңгерушісі Ахова.Р- бекітілген күн тәртібінің мазмұнына, бала тәрбиесінде пайдасы жөнінде айтты. Бала жақсы жетілу үшін дұрыс тамақтанып, демалып, ойнап, спортпен шұғылданып өсуі тиіс. Күн тәртібінің элементтері өз уақытында орындалса, балалар да соған дағдыланып, тазалыққа, тәртіпке, әдептілікке үйреніп, қалыптасады. Ата-аналармен де балалардың бейімделуі, дамуы, қалыптасуы жөнінде кеңесіп, күн тәртібінің мазмұны жөнінде әңгімелер өткізуді жоспарлауды тапсырамын. Жоспар бойынша еңбектеніп, ата-аналармен үнемі тығыз байланыста болайық.

Сонымен бірге балалардың танымын арттыруда, қозғалыс және байланыс құралдарының қажеттілігі мен қызметі жөнінде білімдерін тиянақтауда түрлі ойындар жоспарлану тапсырылған еді. Балалардың өмірін қызықты және тиімді ұйымдастырудағы апталық жоспарда жоспарланып қадағалануда, толықтырулар енгізілді деді.

2.Тыңдалды: Мектепке дейінгі балалардың танымын жетілдіру жолдары. Баяндама

Сөйледі: Рузиева Дилбар «Мектепке дейінгі балалардың танымын жетілдіру жолдары» тақырыбында баяндамасын оқыды. Баяндамада: бүгінгі қоғам саясаты дамыған мемлекеттер қатарына енудің негізгі жолы – жас ұрпақтың білімді, сапалы бәсекеге қабілетті тұлға болуын талап етіп отыр. Осындай аса жауапты міндеттің баянды болуы балабақша табалдырығынан басталатыны белгілі. Мектепке дейінгі кезең болашақ танымдық, әлеуметтік, жеке тұлға болып жедел даму кезеңі. Сол себепті осы даму дейінгі балаларда қоршаған ортамен таныстыру сабағын оқытудағы міндет – олардың қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру, танымдық ұғымдарын кеңейту жөнінде айтылды.

3.Тыңдалды: Балабақша әдіскері «Балалардың танымын серуен арқылы дамыту» тақырыбында пікір алмасуға шақырды. Педагогтар өз тәжірибесімен байланыстыра отырып ой бөлісті.

- балаларды серуенде жыл мезгілдерінің құбылыстарымен байланыстыра отырып, табиғаттағы әдемілік, өлі табиғат пен тірі табиғаттың байланысына,

сұлулығына, тамсануға, сақтауға, қорғауға тәрбиелейміз. Оған мейірімділікпен қарауға үйретеміз.

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі А.Рустамова балалар қоршаған ортада тек табиғат құбылыстарынан басқа транспорт түрлері, үлкендердің еңбегі, заттардың орны, пайдасы жөнінде де ұғымдарды байқап, аңғара бастайды. Жас ерекшеліктеріне сай сұрақтар қоя бастайды. Өсімдіктер, жануарлар, табиғат өзгерістері туралы сұрақтар қояды деді. Дамытушы орта балаларға ыңғайлы, қолайлы көрнекіліктер сапалы, әдемі. Техникалық құралдар пайдаланды, бейнетаспа көріп, ән тыңдатты.

Төртінші мәселе «Алтын күз» мерекесіне дайындық жүргізу туралы және бағдарламасын бекіту жайлы сөз қозғалды, ерекше дайындық жасап балалардың танымын табиғаттағы өзгерістерді сезінуіне ықпал ету.

Шешім:

1. Шешімнің орындалуын қадағалау.

Жауапты: Әдіскер Р.Ахова

2. Тәрбиеші Д.Рузиеваның баяндамасындағы балалардың танымын жетілдіру жолдары оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланылсын. Жауапты: Әдіскер

3. Серуен арқылы балалардың танымын арттыруда тақырыбы жыл мезгілдерінің құбылыстарымен байланыстырып мүмкіндік беру.

Жауапты: Әдіскер, педагогтар.

4. Меңгеруші Р.Ахова «Алтын күз» бағдарламасы мен танысып бекітті ары қарай жұмыс жүргізу үшін жауапты топ тәрбиешілері..

Төрайымы

Ахова.Р

Хатшысы

Рузиева.Д



Педагогикалық кеңестің

№3 хаттамасы

06.12.2024 ж

Қатысқандар: 4

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Білім беру ұйымдарында «Біртұтаас тәрбие» бағдарламасын іске асыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік, патироттық тәрбие беру.
3. Білім беру қызыметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу.
4. Ашық ұйымдастырылған іс әрекетін талқылау

1.Тыңдалды: Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Ахова.Р жалпы балабақшада балалардың танымдық құзыреттілігін дамытуда жоспарлы түрде көптеген жұмыстар атқарылуда. Балабақшамызда балалардың танымын көзқарасын рухани ой-санасын дамыту. Демек әр баланың жас ерекшелігіне сай, заттардың қасиеттері мен айырмашылығын сипап сезу; есту, иіскеу арқылы ажыратуға, адамдардың іс-әрекеттерімен, өлі және тірі табиғатпен байланыстырып, себеп-салдарын түсіндіруге, топтастыруға, жүйелеуге, кеңістікті бағдарлауға, табиғатта өзін-өзі ұстай білуге, ересектердің көмегімен түрлі зерттеу мен эксперименттер жасауға, түрлі ақпаратты қалай алуға, ұсынуға болатынын түсінеді. Жыл бойына танымдық құзыреттілікті дамыту жұмыстары жалғасады және тәрбиешілер дайындықпен жүргізеді.

2.Тыңдалды: Әдіскер Р.Ахова «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстырып өтті.Тәуелсіздік және отаншылдық ұлттық мүдені дамыту .Отан,ел,туған өлке туралы қарапайым түсініктері,Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы ,мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу,ұлттық мерекелер,ойындар,дәстүрлер туралы білімдерін . Қорытындылап айтсақ бүгінгі күннің талабының ерекшелігі жылдам, қазіргі ортада өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға , өзі үшін де қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдалана алатын білімді, адамгершілігі мен патироттық тұлғаны қалыптастыру. Соған біздер де өз үлесімізді, іздену арқылы қосып отыруға міндеттіміз деп аяқтады.

3.Тыңдалды: Қазіргі таңда жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу ,сыбайлас жмқорлыққа жол бермеу керек екендігін басты назарда ұстау.

Ортаңғы топ тәрбиешісі Ж.Құдайберген сөз алды: Балабақшада тәрбиеші болу кез келген өнер сияқты көп қырлы және ауыр еңбек.

